

1997 жылғы 14 маусымдағы Ішкі және халықаралық газ тасымалдау жүйелерін және шаруашылық қызметті концессиялау шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 31 тамыз N 1321

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1997 жылғы 14 маусымдағы Ішкі және халықаралық газ тасымалдау жүйелерін және шаруашылық қызметті концессиялау шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шарттың жобасы мақұлдансын.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және

жекешелендіру комитетінің төрағасы Мақсұтбек Смағұлұлы Рахановқа Қазақстан Республикасының атынан 1997 жылғы 14 маусымдағы Ішкі және халықаралық газ тасымалдау жүйелерін және шаруашылық қызметті концессиялау шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы шартқа қол қою уәкілеттігі берілсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Оқығандар:

Багарова Ж.А.

Икебаева А.Ж.